

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Академия) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 951 қаулысына сәйкес құрылды. Академия «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды және олардың құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Академияның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі болып табылады.

4. Академияның мүлкіне қатысты республикалық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің құқығы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Академияны басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде:

толық – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын;

қысқа – ҚР БҒМ «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» ШЖҚ РМК.

орыс тілінде:

толық – Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина» Министерства образования и науки Республики Казахстан;

қысқа – РГП на ПХВ «Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина» МОН РК.

7. Академияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8.

2-тарау. Академияның заңды мәртебесі

8. Академия мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Академияның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Академия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

Академия Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Академиямен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3-тарау. Академия қызметінің мақсаты мен міндеттері

12. Академия қызметінің негізгі мәні білім беру жүйесі мен білім беру процесін (мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламалары) әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады.

13. Академия қызметінің мақсаты оқыту және тәрбиелеудің теориясы мен практикасын дамыту, соның ішінде өмір бойы оқыту жүйесін дамыту, ұлттық білім беру жүйесін реформалау процесін және табысты (сапалы) жұмыс істеуін мониторингілеу болып табылады.

14. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Академия мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) пәнаралық ғылым және білім беру саласында ғылыми зерттеулер мен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді;

2) білім және ғылым жүйесінің жай-күйі мен дамуына талдау жүргізуге қатысады;

3) 12 жылдық білім беруге көшуді әдіснамалық және әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

4) білім және ғылым саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және сараптауға қатысады;

5) білім және ғылым саласындағы бағдарламалық құжаттардың іске асырылуын ғылыми-әдістемелік, ғылыми-консультациялық және сараптамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

6) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, орта білім берудің оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік орта білім, жоғары білім беру бағдарламаларын, қосымша білім беру бағдарламаларын, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, тәрбиелеу, оқыту және оқу технологияларын, оқу жоспарларын, бағдарламаларын, соның ішінде біліктілікті арттыру бағдарламаларын, білім берудің барлық деңгейлеріне

арналған оқу-әдістемелік өнімдердің басқа да түрлерін әзірлеуге, апробация жүргізуге және ғылыми-педагогикалық сараптама жасауға қатысады;

7) мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен, ғылыми зерттеу орталықтарымен және басқа да ұйымдармен өзара байланыс жасайды;

8) оқыту мен оқудың цифрлық технологияларын әзірлеу мен енгізуді әдіснамалық және әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырады;

9) білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу-әдістемелік қызметтердің іс-әрекетін үйлестіруді қамтамасыз етеді;

10) үздіксіз білім беру мәселесінде білім беру ұйымдарының ғылыми-әдістемелік қызметін үйлестіреді;

11) білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуына мониторингтік зерттеулер жүргізеді;

12) білім және ғылым саласындағы халықаралық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруда шетелдік білім және ғылыми ұйымдармен, зерттеу орталықтары және агенттіктермен, қорлармен өзара байланыс жасайды;

13) білім беру ұйымдарының педагогтері мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, білім беру саласындағы ғылыми білімді және озық тәжірибені насихаттау бойынша конференциялар, форумдар, семинарлар, оқыту курстарын ұйымдастырады және өткізеді;

14) білім және ғылым саласында консультациялық және сараптамалық қызметтер көрсетеді;

15) білім беру қызметтерін стандарттаудың мемлекеттік жүйесінің Тізілімінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және оларды таратуды есепке алады және тіркеуді жүргізеді;

16) Академия өнімдерін, сонын ішінде ғылыми, оқу-әдістемелік әдебиет әзірлейді, шығарады және таратады.

15. Академия осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Академия Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі уәкілетті органның немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Академияны басқару

17. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Академияның құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Академияға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Академия қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын Академия түрін айқындайды және Академия Жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Академияға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Академия мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

6) Академия мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Академия алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Академияны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Академияға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға келісім береді;

10) Академияға бекітіліп берілген мүлікті мүлдік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Академияның жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жататын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Академия қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Академия қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Академияның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Академия мүлкінің сақталуына және Академияның даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Академияға берген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

6) Академияны басқаруды жүзеге асырады;

7) Академияның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Академияны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Академияның таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Академия президентінің ұсынымы бойынша оның вице-президенттерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) жыл сайын Академияның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Академия президентінің, оның вице-президенттері мен бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жататын өзге де мәселелерді шешеді.

19. Президент Академияның органы болып табылады.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы Академияның президентімен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

21. Академия Президенті дара басшылық қағидаттарында Академия қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді. Қызметтің бірқатар мәселелері бойынша Академияның Бақылау кеңесінің жұмысы шеңберінде алқалық шешімдер қабылданады.

22. Президент:

1) Академияның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органға ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Академияның мүлкіне иелік етеді;

3) шарттар мен өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Академияның барлық қызметкері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Академияның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе, оларды жазаға тартады.

8) өзінің вице-президенттерін қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатураларды ұсынады;

9) өзінің вице-президенттері мен Академияның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) қаржы-шаруашылық қызметі және Академия мүлкінің қауіпсіздігіне;

таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармауына;

академияның даму жоспарын іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігі үшін жеке жауапкершілік алады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

23. Академия банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, банкрот немесе оңалту басқарушысы Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен тағайындалған жағдайларда, оны басқарудың барлық өкілеттіктері сәйкесінше уақытша, банкрот немесе оңалту басқарушысына өтеді.

5-тарау. Академияның мүлкі

24. Академияның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін академияның активтері құрайды.

25. Академияның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, соның ішінде Академия қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

26. Академияның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктің;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

27. Академияның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

28. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Академияның шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Академияның шаруашылығын жүргізуге түседі.

30. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Академияға бекіту туралы шешім қабылдаған, Академияда мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

31. Академияның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

32. Академияның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік

гуралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144-бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

33. Академия тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) акционерлік қоғамдардың өзіне тиесілі акцияларына иелік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге құқылы;

34. Академия дебиторлық берешекті аударуға және есептен шығаруға, несие беруге тиісті саланың уәкілетті органының жазбаша келісімімен ғана құқылы.

35. Академия оған шаруашылық жүргізу құқығының негізінде бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке өз бетінше иелік етеді.

36. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе меншік иесі (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) өзгеше белгілемесе, осы Жарғының 30 және 32-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Академия дербес пайдалана алады.

6-тарау. Академияның қызметін қаржыландыру

37. Академияның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

38. Академия таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

39. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Академия алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7-тарау. Академияның жарғылық капиталы

40. Академияның жарғылық капиталы – 30 697 000 (отыз миллион алты жүз тоқсан жеті мың) теңге.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Академияны мемлекеттік тіркеуге дейін қалыптастыруы тиіс.

8. Академияның есепке алуы мен есептілігі

41. Академияның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Академияның президенті бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Академияның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9-тарау. Академияның жауапкершілігі

43. Академия өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

44. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе тиісті саланың уәкілетті органының әрекеттерімен туындаған банкроттық жағдайларын қоспағанда, Академияның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайда, егер Академияның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, Академия міндеттемелері бойынша мемлекет жауап береді.

10-тарау. Академия қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

45. Академияның еңбекақы қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

46. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық жалақыларының мөлшерін, сыйақылар жүйесін және басқа да сыйақыларды Академия белгіленген еңбекақы қорының аясында дербес анықтайды.

47. Академия президентінің, оның вице-министрлерінің, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, олардың сыйлықақылары мен өзге де сыйақыларының жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

48. Академияның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

49. Академияның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12-тарау. Академияны қайта ұйымдастыру және тарату

50. Академияны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

51. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Академияны қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

52. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Академияның қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

53. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін таратылған Академияның қалған ақшасы Академияның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

54. Академияның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынысы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Уәкілетті тұлға **Ғ.Б. Бейсембаев**

